



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



ТАСБӨГЕТТІҢ ТІРЛІГІ ТОЛЫМДЫ

Қала әкімі Серік Қожаниязов осы жылдың I тоқсанындағы халықпен кездесуін қала іргесіндегі Тасбөгет кентінен бастады.

2-БЕТТЕ



ӘКІМ ЕЛДІҢ БАЗЫНАСЫН ТЫҢДАДЫ

Шаһар басшысының халықпен кездесуі Белкөл кентінде жалғасты. Қала әкімі Серік Қожаниязов қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен бірінші жартыжылдықта атқарылған жұмысты тұрғындарға баян етті.

2-БЕТТЕ

Жаңа технология: Ақылды қаладан – цифрлық ауылға

Технологиялар көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан әлемде цифрландыру үлкен маңызға ие. Бұл біздің өмір сүру салтымызды өзгертіп, аймағымыз үшін жаңа мүмкіндіктер ашуда. Өңірдегі цифрландыру – бұл қағаз құжаттан электронды құжатқа көшу ғана емес. Бұл біздің өміріміздің барлық аспектілеріне, білім мен денсаулық саласынан бастап, бизнес пен басқаруға дейін әсер ететін жаһандық өзгеріс.



«Анталькүтары» коллажы

Цифрландыру инновациялардың жаңа көкжиегін ашып, өмір сүру сапасын жақсартады, экономикалық өсуге ықпал етеді. Ақылды қалалардан цифрлық ауылдарға, бұлтты технологиялардан жасанды интеллектке дейін аймақтағы цифрландыру ин-

новациялар мен мүмкіндіктердің жаңа дәуірін білдіреді. Аймақта цифрлық бастамаларды енгізу бағытындағы жұмыстар 2018 жылдан бастап жүргізілуде. Бұған дейін «Цифрландыру, ғылым және инновация арқылы технологиялық серпіліс»

ұлттық жобасы жүзеге асса, 2023 жылдың аяғында «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы бекітілді.

2-БЕТТЕ



«Жалдамалы жұмысшы», «Жалдамалы пәтер», «Жалдамалы қызмет» деген сөздерді жиі естіп жүрміз. Алайда «Жалдамалы қалыңдық» сөзі сіз бен бізге әлі де таңсық. Оның не екенін көбінесе сан соғып қалғандар жақсы біледі. Қысқасы, жалдамалы қалыңдық деген кәдімгі келін емес.

БИЗНЕСКЕ АЙНАЛҒАН «ЖАЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚТАР»

Анығын айтқанда, келін болып түскенімен сол әулетке тастай батып, судай сіңбейді. Тек қалтанызды жымқырып, уақытша келіннің рөлін сомдайды. Той біткен соң қалыңдықпен қымбат әшекейлерді алып, ізім-қайым жоқ болады. Іс мұнымен бітсе жақсы. Жалдамалы келіндердің той иелерін алдап, несиеге белшеден батырып, қашып кететіні тағы бар... Мына заманда бұл жаңалыққа таңқалудың өзі қиын. Өйткені бұрынғыдай «ұят болады» білетін, үлкеннің тәрбиесін, үлгі-өнегесін көрген, соны санаға сіңірген қыз-келіншектерді таба қою қиын. Керісінше, көптеген арулар «жалдамалы қалыңдық» болуды кәдімгі бизнеске айналдырып алған. Олар «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүруді әдетке айналдырып, жеңіл жолмен өмір сүруді жөн санайды. Тіпті бұған арланбайды да.

4-БЕТТЕ

БАЛАНЫ КІМ ОҚЫТЫП ЖАТЫР?

«Сіздің баланыңызды қосымша дайындау керек. Мен түстен кейін оқыту орталығында боламын. Хабарласыңыз».
«Елбегіңді сат» деген Абайдың сөзі талайдың ойында ғой. Бірақ осы тәрізді жарнама еліміздің білім және медицина саласында көптеп кездеседі. Түске дейін барған емханадағы дәрігеріңізді түстен кейін жеке клиникадан көресіз. Өзі түске дейін отырып, сол жеке клиникаға жолдама беріп жібереді. «Қолдан келіп, қоныштан басқан ба», әлде заманның талабы осы ма?

4-БЕТТЕ



Сурет Н.Нұржаубай

31 МАМАҒЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН, АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН



3-БЕТТЕ

Баспасөз-2024

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2024 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін
6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

Басы 1-бетте



ТАСБӨГЕТТІҢ ТІРЛІГІ ТОЛЫМДЫ

Айта кетейік, кентте жасалып жатқан қызу жұмысқа жергілікті тұрғындар дән риза. Көшелер жарықтандырылып, жолдар жаңартып жатыр. Кенттің шеткі көшелері Гаин Мұратбаев, Қуаныш Баймағанбетов және Әлия Молдағұлова көшелеріне ЖК «Досанова» мердігер мекемесімен аядалмалар орнатылуда. Жоба құны 5 млн теңгені құрайды. Сонымен қатар кент әкімі аппаратының өзін-өзі басқару шотынан тағы 3 аядалма жасалмақ.

Әлеуметтік нысандар шоғырланған Ш. Есенов, Ф. Мұратбаев, З. Шүкіров, Ә. Сапарбаев, О. Сейтпенов, Ә. Оразбаев көшелеріне «Алем Транс Жол» ЖШС мердігер мекемесімен келісімшарт аясында 124 млн теңгеге жаяу жүргіншілер жолы салынууда. Кент аумағы көгалдандырылуда. Амангелді көшесінің бойынан арық қазылып, демалушы есебінен 2 аясу насосы орнатылды. Ерте көктемнен ағаш отырғызылып, күтімге алынып жатыр.

Биыл Тасбөгет кентінде 30 ауызсу құдығы күрделі жөндеуден өтпек. Бұл құдықтардың 2009 жылы салынғанын ескерсек, тозығы жетіп, шіріп және ашып-жабу ысырмасы және өрт гидранты толық істен шыққан. Жөндеу жұмысын «Эквотэк» ЖШС мердігер мекемесі атқаруда.

Десе де қала әкімімен ашық диалог барысында кент тұрғындары өздерінің бірқатар мәселесін жеткізді.

Көкпәтаның ескі үйлердің шатырына қатысты және аяқсу мен жол жөндеу мәселесіне байланысты сауалдар қойылды. Қала әкімі тұрғындардың ең өзекті мәселені қозғағанын айта келіп, аталған жұмыстар назарға алынып, салаға жауапты мамандармен бірлесіп кезең-кезеңімен шешілетінін жеткізді.

Кездесу соңында қарттар батасын беріп, игілікті істерге сәттілік тіледі.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ



Басы 1-бетте

ӘКІМ ЕЛДІҢ БАЗЫНАСЫН ТЫҢДАДЫ



Айта кетейік, кентте келелі жұмыстар атқарылған. Инфрақұрылымды дамыту бағытында 8 көше жарықтандырылып, 11 электр трансформаторы орнатылған. Республикалық бюджеттен бөлінген 76,6 млн теңгеге үш көшедегі электр желісіне құрылыс-монтаж жұмысы жүргізілуде. Бұған қоса, 12 көшенің электр желісін қайта жаңғыртылып, жаяу жүргіншілер жолы салынууда.

Кәсіпкерлік өркен жайған ауылда «Іскер» бағдарламасы аясында құны 16 млн теңгені құрайтын 4 жоба қаржыландырылған. Ал жұмыссыздық деңгейі 1,8 пайызға төмендеген.

Бір сөзбен айтқанда, жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасы жақсарған. Жолаушылар көлігінің қатынасында да айтарлықтай мәселе жоқ.

Белкөліктер көтерген мәселенің өзектісі – орталық көшелерге аяқсу жүргізу, мәдениет үйін салу, көпқабатты №1, 11, 12 үйлердің шатырын жөндеу жайы болды. Бірқазан елдімекенінің тұрғындары балалар ойын алаңын салу қолға алынса деген өтінішін жеткізді. Жыын қорытындысында қала әкімі халықтың көтерген мәселесінің тиянақты орындалатынын, кейбірінің қаржы мәселесіне байланысты кезең-кезеңімен шешімін табатынын жеткізді.

Г. ҚОЖАХМЕТОВА

Жаңа технология: Ақылды қаладан – цифрлық ауылға

– Биыл сәуір айында елімізде ақылды қалалардың эталондық стандарты өзектендіріліп, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бұйрығымен қайта бекітілді. Эталондық стандарттың талаптары негізінен 6 бағыттағы цифрлық жобаларды жүзеге асыруға бағытталған. Олар: қауіпсіздік, әлеуметтік сала, көлік және логистика, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, инновациялық экосистемі, қалалық басқару. Стандарт бойынша 22 негізгі жобаның тиімділік көрсеткіштері бекітілген. Осы бағытта жұмыстар жүргізілуде. Атап айтсақ, қауіпсіздік бағытында Қызылорда қаласындағы бейнебақылау жүйелерін дамыту мақсатында 2024 жылдың сәуір айында Қызылорда облысының Полиция департаменті мен «Көркем Телеком» ЖШС меморандумға қол қойды. Меморандум аясында осы жылдың мамыр айынан бастап пилоттық негізде 10 дана жылдамдық өлшегіш аппараттық-бағдарламалық кешенін және 100 дана қоғамдық бейнебақылау камераларын орнату жоспарланған. Бүгінгі күні бейнебақылау камераларын орнату жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде, – дейді Сәбит Ибадуллаұлы.

Қауіпсіз мектеп

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көмектесу мақсатында «Қауіпсіз мектеп» жобасы жүзеге асуда. Жоба аясында қандай жұмыстар атқарылып жатқаны туралы бөлім басшысынан сұрадық.

– Жалпы жоба аясында 2023 жылы 35 мектеп, 28 балабақшаға бейнебақылау орнатылды. Облыс бойынша 297 мемлекеттік мектеп бар. Мектеп 100 пайыз бейнебақылаумен қамтылып, дабыл батырмалары орнатылған. 288 мектеп немесе 96,96 пайыз полиция департаментінің жедел басқару орталығына қосылған. 221 мектепке, бала және қызметкер саны 700-ден асатын мектеп туризметпен толық қамтылса, 113 мектеп мамандандырылған күзет қызметімен қамтамасыз етілді, – дейді цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы.

Сондай-ақ бөлім басшысы өңірде интернетке қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған жобаға тоқталды.

– «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы 2024 жылдан бастап 2027 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Негізгі мақсаты – халықты жылдамдығы кемінде 100 Мбит/с кең жолақты интернетпен қамту. Жалпыұлттық жобаны іске асыру 2027 жылға дейін қазақстандықтарды жылдамдығы жоғары интернетпен қамту деңгейін 100 пайызға дейін жеткізуге және елдің өңірдегі цифрлық хаб ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік береді. Ұлттық жоба аясында Қызылорда облысының республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында 9 антенна-дінгек құрылыстарын салу жоспарланған. Жол картасы аясында 2024 жылға «Кселл» АҚ 21 елді мекен, «Кар-Тел» АҚ (Билайн) бойынша 10 елді мекен кенжолықты мобильді интернетпен қамтамасыз етіледі, – дейді ол.

Әлеуметтік саланы цифрландыру қарқынды дамуда

Цифрландыруды енгізу арқылы денсаулық сақтау саласының қызметі өзгереді дегуе болады. Цифрландырудың қарқынды дамуы медициналық қызметтердің жаңа көкжиегін ашып, оларды қолжетімді және тиімді етті. Денсаулық сақтауда қандай да бір цифрлық технологиялар қолданылатыны туралы сұрадық.

– Қазіргі уақытта денсаулық сақтау саласын цифрландыру саласындағы негізгі міндет – Денсаулық сақтау министрлігінің және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының ақпараттық жүйелерін біріктіру. Осы мәселені шешу үшін бүгінгі таңда e-Health электрондық денсаулық сақтаудың жаңа цифрлық архитектурасына көшу жүзеге асуда, оның аясында азаматтар денсаулығының ұлттық электрондық паспорттың қалыптастыруы, микросервистік архитектураны пайдалануға көшу және эталондық деректер базасын құруды қамтамасыз ету жоспарлануда. Бүгінде аймақтағы барлық медициналық ұйым компьютермен 100 пайыз және кемінде 4 мегабит/сек интернетпен 93,2%-ға қамтылған. Барлық медициналық ұйым «Даму-мед» кешенді медициналық ақпараттық жүйесімен қамтылған. Бүгінде Қызылорда облысының медициналық ұйымдарына бекітілген тұрғындарға 93,6% электронды денсаулық паспортты толтырылған. Қазіргі күні дәрігерге тіркеу, дәрігердің тағайындауы электронды түрде «Даму-мед» жүйесі арқылы жүзеге асады. Облыстың 15 медициналық ұйымында, оның ішінде 8 аудандық, бір қалалық және 6 облыстық медициналық ұйымда телемедицина құралдарының кешені орнатылған. 2024 жылдың қантар-наурыз айының қорытындысы бойынша телемедициналық кенес саны 280-ді құрады. Зерттеу нәтижелерін жоғалту жағдайларының алдын алу, сондай-ақ қайталама зерттеулер жүргізуді болдырмау және медициналық құжаттарды ұзақ және тұрақты сақтау мақсатында «DICOM» бейнелерін жіберу және мұрағаттау үшін PACS жүйесін енгізу» жобасы іске асырылды. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына қарасты және меншік түріне



қарамастан медициналық ұйымдардың ішінде PACS жүйесі енгізілуде тиісті 25 медициналық ұйымға, оның ішінде Қызылорда қаласы бойынша 18 медициналық ұйымның барлығына PACS жүйесі енгізілген, – дейді Сәбит Ибадулла.

Көлік және логистика саласын цифрландыру – уақыт талабы

Көлік-логистика саласын цифрландыру өте маңызды. Жаңа технологияларды енгізу арқылы логистикалық процестерді басқару түбегейлі өзгеріп, олардың тиімділігі мен сенімділігін арттыруға сеп болды. Өңіріміздегі көлік-логистика саласын цифрландыруда қандай негізгі технологиялар мен инновациялар қолданылатынын сараптап көрдік.

Цифрландыруды жүзеге асыру мақсатында «Қызылорда қаласының қоғамдық көліктеріне электронды билет жүйесін орнату» жобасы «АлемРау» ЖШС мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жүзеге асты. Жалпы 320 қалаішілік қоғамдық көліктің 266-да электронды билет тексеруге арналған құрылғылар мен терминалдар орнатылды. Қызылорда қаласы бойынша 25 қалаішілік және 8 қала маңы маршруттары ұйымдастырылды. Бүгінде жолаушылар Kaspi.kz, Halyk bank қосымшалары, Activ және Keell кәшбәк – 25 теңге, Veeline кәшбәк – 10 теңге құраса, көлік карталары мен SMS арқылы онлайн төлем жасай алады. 2024 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша автобустарда сатылған билеттің жалпы санының 97,99 пайызы қолма-қол ақшасыз төлемдер үлесінде екен. Сонымен қоса, «Қызылорда Автобус паркi» ЖШС құрамындағы автобустардың барлығында көліктің құрамындағы бақылауға арналған «SYSTEM.BUSPARK» – GPS/ГЛОНАСС мониторинг жүйесі бар. Жалпы алғанда 320 қалаішілік қоғамдық көліктің 266-ы қосылған. Сервис спутниктік мониторинг жүйесінің негізгі функционалдық және қоғамдық көлікті бақылауға арналған арнайы құралдарды біріктіреді: аядалмалар құру, маршруттарды оңтайландыру, аядалмаларды цифрландыру, көлік құралдарын рейстер бойынша бөлу, кесте бойынша қалалық, қала маңындағы және қалааралық жолаушылар тасымалын бақылау, егжей-тегжейлі есеп беру, қол жеткізу құқықтарының икемді жүйесі, автобус ішіндегі аядалмаларды хабардар ету. Диспетчерлеу жүйесі «SYSTEM.BUSPARK» API бойынша Nimbus, 2Gis және Яндекс жүйелерімен біріккен, сонымен қатар Қызылорда автобус паркi диспетчерлеріне рейстерді жоспарлауға және олардың орындалуын бақылауға көмектеседі.

Тағы бір айта кетерлік жайт қала тұрғындары тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы мекемесіне өтінімді онлайн бері алады.

– «I-Orda» порталы әртүрлі қызметтерге өтініш берудің ыңғайлы әдісін ұсынады. Енді «Қызылорда су жүйесі» ШЖК МКК, «қызылорда тазалығы» ЖШС, «Энергосервис» ЕЖШС, «Қызылорда электр тарату компаниясы» АҚ, «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК көрсететін қызметтерге тікелей веб-сайтта өтініш бере алады. Бұл тұрғын үй коммуналдық өтінімдерді беру үшін мекемеге барудың қажеті жоқ дегенді білдіреді. Барлығын онлайн режимінде жасауға болады, бұл уақытты үнемдейді және процесті жеңілдетеді. Тек порталға тіркеліп, өтініш беру үшін нұсқауларды орындасаңыз болды. Бұл Қызылорда облысындағы қызметтерді цифрландырудағы жаңа кадам, қызметті пайдалануда қолжетімді әрі ыңғайлы етеді. 2024 жылдың 1-ші тоқсанында 303 өтінім тіркелді. Портал <https://iorda.kz> сайтында қолжетімді. Сонымен қатар 2020 жылдан бастап Қызылорда қаласында «109» бірыңғай нөмірі арқылы барлық коммуналдық мәселелер бойынша облыс тұрғындары мен қонақтарының өтініштерін қабылдайтын «109 – Бірыңғай байланыс орталығы» жұмыс істейді. 1 тоқсан қорытындысы бойынша барлығы 34873 өтінім келіп түскен. Оның ішінде: оқыс оқиға 8401, кеңес беру 6141, шағым 1205, ұсыныс 8, алғыс 57, ақпаратқа сұрау салу – 19061. 2024 жылы өтініштерді қабылдау мен тіркеудің тәуліктік орташа статистикалық саны – 388 өтінімді құрады. Облыс тұрғындары өтініштер жібере алатын немесе жағдайды егжей-тегжейлі сипаттайтын құралдардың ауқымы кеңейтілді, – дейді Сәбит Ибадуллаұлы.

Өңірімізде IT-технологиялар секторы белсенді дамып келеді. Креативтілік пен кәсіпкерлікті

ынталандыратын, аймағымыздың маңызды бөлігіне айналған стартап-фестивальдар мен хакатондар жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Бұл іс-шаралар жастар стартаптары үшін бірегей мүмкіндіктер беріп, өз идеяларын кең аудиторияға ұсынуға, IT мамандарынан құнды пікірлер алуға мүмкіндік береді. Сарапшы өңірімізде жүзеге асып жатқан инновациялық жобалар аз емесін тілге тиек етті.

– 2023 жылдың 17 сәуірінен бастап Astana Hub халықаралық технопаркi, Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Ақпараттық технологиялар орталығы» және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті ұшжақты меморандумға қол қойып, «Kyzylorda Hub» бизнес-инкубаторы «Astana Hub» халықаралық технопаркiнің тәжірибесін Қызылорда облысына тарату мақсатында өңірлік хаб есебінде ашылды. Биыл да әдеттегідей, облыс әкімінің қолдауымен инновациялық IT жобаларды дамыту мақсатында «Pecha Kucha Night Kyzylorda», «Smart city Kyzylorda» «Hackathon 2024» хакатоны, «Innofest Qyzylorda» инновациялық жобалар фестивалі өтетін болады. «Kyzylorda Hub» бизнес-инкубаторы 2024 жылдың басынан 49 іс-шара ұйымдастырып, 3 бағдарламаны жүзеге асырды. Барлық іс-шараларда 1650 адам қамтылды. Кең ауқымда «Kyzylorda Hub Idea Battle» және «EdTech Hackathon Kyzylorda» байқауы өтті. Байқаулардың жүлде қоры – 1 000 000 теңге. Әйелдерге арналған «Tech girls» және «She-commence» бағдарламасы ұйымдастырылуда. Қазіргі таңда бұл бағдарлама бойынша 21 нәзік жан білім алады. Сонымен қатар мұрадектігі бар азаматтар арасында цифрлы сауаттылықты арттыру мақсатында «Digital Skills boost» бағдарламасы жүргізіліп келеді. Бағдарламада 20 азамат цифрлы сауаттылық дағдыларын арттыруда. Облыстық деңгейде «Techno Women» форумы ұйымдастырылды. «Tech Orda» бағдарламасы бойынша өткен жылы IT park резиденті «GRAND master» бағдарламау мектебі қатысып, 5 бағыт 3D - Ойын әзірлеу, Python әзірлеуші, WEB әзірлеуші, C++ әзірлеуші, Java әзірлеуші бойынша 33 грант бөлініп, бағдарламалау курстарынан өтті, – дейді цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы.


Геоақпараттық жүйелерді цифрлық түрлендіру

2020 жылы Қызылорда облысында «Өңірлік геоақпараттық жүйе» (ӨҒАЖ) жобасын енгізу жұмыстары басталды. Бекітілген талаптарға сәйкес геоортал ашық және жабық контурларға ие. Барлық жеке және заңды тұлғалар үшін ашық контур қолжетімді екен.

– Қазіргі уақытта жүйеде мемлекеттік қызметтердің 8 түрі қолжетімді. Бос жер учаскесін қосу, жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрында (ЖМБМК) жер учаскесін жариялау, жер учаскесін сату бойынша сауда-саттықты (аукциондарды) немесе жер учаскелерін электрондық түрде жалға алу құқығын ұйымдастыру және өткізу арқылы жер учаскесін мемлекеттік меншіктен беру, ауыл шаруашылығы мақсатындағы бос жер учаскелерінің болуына сұрау салу, сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру, сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін, мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды сатып алу, жер учаскесінің нысаналық мақсатын өзгерту туралы шешім қабылдау, жер учаскесін жекеменшікке біржолғы немесе боліп сату сияқты қызметтер қолжетімді. Биыл ақылды қалалардың өңірлік геоақпараттық жүйесінің картографиялық базасы негізінде автожолдар жай-күйінің цифрлық картасын құру жоспарлануда, – дейді Сәбит Ибадулла.

Өңірді цифрландыру тек технологиялық серпіліс емес, қоғам дамуының маңызды кезеңі. Цифрландыру өмірді өзгертіп, ыңғайлы әрі тиімді етеді. Азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін цифрлық технологияларды енгізу қажеттігі – уақыт талабы. Дегенмен барлық артықшылықтарға қарамастан, цифрландыру белгілі біл тәуекелдерді тудырады. Деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құпиялықты қорғау және киберқауіптермен күресу маңызды. Қорыта айтқанда, цифрландыру тек жаңа технология енгізу ғана емес, сонымен бірге тұрғындар игілігіне қызмет ететін құрал.

София Хайруллақызы



Қазақтың тарихында өзінің саяси топ басшылары, қозғаушы күші мен алдына қойған мақсаты және қамтыған аумағы жағынан қозғалыстардың ең маңыздысы әрі жоғары деңгейде ұйымдасқаны Алаш қозғалысындай саяси ұйым бұрын-соңды болған емес. Оның басты мұраты ұлттық болмыс пен құндылықтарды сақтау және оларды заман талабына сәйкес етіп бейімдей отырып, өркениетке жету болатын. Бұл Еуропа тәжірибесін тарихи, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, игерілген қазақ топырағында туған идеялар өз бостандығы мен азаттығын дамытуды мақсат еткен кез келген ұлт үшін жат емес.



АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН

Мұстафа Шоқай сөзімен айтқанда, кезінде Ресей қол астындағы түріктер ішінде саяси партиялардың ең радикалы болған «Алаш» сияқты демократиялық партияның қағидаттарын Алашорда да, Түркістан Мұқтарияты да берік ұстанды. Егер патшалық биліктен құтылған Ресей демократиялық федерация бола қойғанда бұл жаңа тұрпатты мемлекеттер арқы әлемге өмір сүре беретін еді. Бірақ жағдай олай болмады. Билік басына келген кеңестік жүйеге партия бағдарламасындағы «Демократия мағынасы – мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы – құрда мемлекеттер бірлесуі...» Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді» деген нақты мәселелер ұнамады. Содан пролетариат диктатурасын орнатуды мақсат еткен, кедейді байлыққа жеткізудің орнына байларды дүниесінен, мал-жанынан айырған саяси жүйесі бөлек кеңес өкіметі ұлттық мүдделерді көздейтін Түркістан үкіметін қанға бояп, Алашорданы күшпен таратты.

Рас, 1919 жылы жаңа өкімет халық алдында бедел жинау мақсатында Алашорда қайраткерлеріне кешірім жасады. Бірақ бұл уақытша айла болатын. Себебі большевиктер өз саясатын халық мүддесіне бағыттай алмады, қоғамды тапқа бөлу жалғасып, еріксіз ұжымдастыру батыл жүргізіле бастады. Елде апаршылық белең алды. Ал өз сөзімен айтқанда, мұндай «найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен болған үкіметті» Алаш қозғалысының басты жетекшісі Әлихан Бөкейхан қабылдай алмай, кеңестік шындықпен бетпе-бет келіп, қарсы пікір айтқаны үшін ол «буржуазиялық ұлтшыл» атанып, қудаланды. Ұлттық намысты жағалтқан, жалған, қызғаныш бөлсенділердің көрсетуімен ол 1926 жылы екі рет тұтқындалып, түрме азабын көрді. Әлихан Бөкейханның зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады, Мәскеуге жер аударды. Он жылдай өзінің пәтерінде «күй тұтқындығында» болған 71 жастағы Әлихан Бөкейхан 1937 жылдың 27 қыркүйегінде КСРО Жоғары Сотының Әскери Коллегиясы Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық күресті ұйымдастырды, Қазақстан мен Мәскеудегі террористік орталықтардың басшыларымен байланыс жасады деген жалған айып тағумен қайтадан тұтқындалып, өлім жазасына кесіліп, атылды. Сөйтіп, «Алаш» партиясын құрушы, тұңғыш «Алашорда» үкіметінің басшысы, ұлт көсемі өзінің туған халқының бостандығы жолында құрбан болды.

Ал Алаш қозғалысының келесі жетекшісі А.Байтұрсынұлы 1919 жылғы «кешірімнен» соң жаңа құрылымға қызмет етуге бел байлап, ашық саяси күресті кейінге қойып, «автономия», «тәуелсіздік» сияқты кешегі ұғымдарды ашық пайдаланбай, өзі өмір сүрген, артта қалған қоғамда азаттықтың әлеуметтік негізі халықтың рухани дүниесін байытуға, ұлттың санасын оятуға бұрып, алған түрлі жауапты мемлекеттік істерге араласады. Халық ағарту комиссары, Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің мүшесі лауазымдарын атқара жүріп, Қазақстанда автономиялық мемлекет құру, жаңа әлеуметтік қатынастар орнату ісіне зор үлес қосады. Алайда қазақ мемлекетін тәуелсіздік сипатта көргісі келген ой оның бір сәт жадыдан шыққан емес. Сондықтан да Қазан төңкерісі қазақ халқына не берді деген мәселе 1919 жылы 3 тамызда Мәскеуде Ұлт істері комиссариатының органы «Жизнь национальностей» газетінде «Төңкеріс және қазақтар» (Революция и киргизы) деген мақаласының басты нысаны болды. Алаш партиясы мен большевизмнің төңкеріске көзқарасын сарапқа салған автор «Ақылға салайыңқы, кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс?» деп сұрақ қойып, былайша жазды: «Большевиктер қазақ қайраткерлерінің қызметін заңсыз деп тауып, әрқайсысының басын алғанға 25 мың рубльге дейін ақша тағайындады. Алашорда Орталық өкіметтен тікелей байланысқа шығып, келіссөз жүргізбек болды. Жобаға жауап болмады. Ол жоба Кеңес өкіметі жариялаған «Ресей халықтарының хұқы» Декларациясының шеңберінде жасалған еді. Біз әрі қарай не істерімізді білмедік». Бұдан ары А.Байтұрсынұлы қазақтардың Ақпан өзгерісін зор қуанышпен, ал Қазан төңкерісін зор қорқынышпен қарсы алғанын, алғашқының қуанышты болатын себебі ол халықты патшалық езгі мен зорлықтан құтқарған, екіншісінің түсінісіз болатындығын дәлелдеуі оңай екенін, қазаққа капитализм де, таптық жіктеліс те, жекеменшік те болмағанын айта келе, теория жүзіндегі социализм мен коммунизм туралы біз ойлаған емеспіз деп жазды.

Ахмет Байтұрсынұлы 1920-шы жылдың 17 мамырында В.И.Ленинге хат жолдап, онда большевиктердің революция нәтижесінде орнатқан озбырлық пен қорқытуға

негізделген пролетариат диктатурасын, қазақтың ұлттық этнопсихологиясына жат коммунистік идеологияны танып-білуі мен толық қабылдауы қиын болғанын жазды. Қырғыз (Қазақ) ревкомы құрылғалы бері 10 ай өткенімен еш нәрсе істелінбегенін айта отырып, Қырғыз өлкесін басқарудың басшылығына қойылған Орталық өкілінің айқын көзқарасы болмағанын, соның салдарынан Орталық пен халық өкілдері арасында өзара сенім болған жоқ деп атап көрсетті. Одан ары қазақтарды ғасырлар бойы тонап, езгіге салып келген орыс ұлтының пролетариаты өзін патша шенеуніктерінің орнын басып, езілген халықтардың мойнына мінгісі келетін коммунистер өздерін ұлтқа бөлмейтін, әлсіздерді езушілер емес, қайта езілгендерді азат етушілер екенін дәлелдеулері керек деген еді. Хат қорытындысында Ахмет Байтұрсынұлы Ресей құрамындағы қазақ халқының ұлттық болмыс-бітімін жоғалтпай, қазақты мөңгірттенуден аман алып қалудың, қазақ мемлекетінің саяси сипаты қандай болуының нақты жолдарын ұсынды. Міне, кеңестік жүйеге қызмет еткенімен негізгі ой-мақсаты осындай болған Ахмет Байтұрсынұлы алғаш рет 1929 жылы жалған айыппен тұтқындалып, Архангельск облысына жер аударылды. Бірақ 5 жылдан кейін М. Горькийдің жұбайы Е.П. Пешкованың араласуымен мерзімінен бұрын босатылды. Бірақ 1937 жылғы 8 қазанда тағы қамауға алынып, атылып кетті. Осылай «Алаш» партиясын құрушылардың бірі, қазақ ғылымының алғашқы ұйымдастырушысы, қазақ елінің тәуелсіздігі үшін өлшеусіз тер төккен ұлтмыздың ұлы ұстазы А. Байтұрсынұлы кеңестік солақай саясаттың құрбаны болды.

Бірінші және екінші бүкілқазақтардың съездерін ұйымдастыруда үлкен рөл атқарған, Алаш автономиясының құрылғанынан бастап ақырына дейінгі басшылық төңірегіндегі қайғы-қасіретін түгел көрген Міржақып Дулатұлы да кешірімнен кейін жаңа қоғамның мәдени-ағарту жұмыстарына белсене араласады. Ол бұл салада бар күш-жігерін аямай, өз мақалаларында қазақ аулындағы түбірлі өзгерістерге тұрақты назар аударып отырды. Алайда осындай шығармашылық кемел кезінде, мәдениет саласындағы белсенді қызмет үстінде ұлттық қайраткер сол кездегі Сталин – Голоскеиндердің солақай саясатының ықпалымен 1928 жылы тұтқынға алынады. 1929 жылғы қаңтар айында айдауда жүріп жазған «Ұрпаққа хат» атты аманатын оқи отырып, қазақ халқының соңғы ғасырлардағы отаршылдық саясатының зардаптарын қысқаса көз алдынан өткізуге болады. Бұл хат Міржақып Дулатұлының болмысын танауда да ерекше рөл атқарады. «Алдасам – халқымымен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам – ұлтыммен қосыла ұмтылып бағамын» деп халқының жан-күйін, қан жылап жүрген қайғылы халін жүрекпен сезіп, асқақ мүдесін түп еткен автор саналы жұмырын өзі шексіз сүйген ұлттың, қазақ халқына арнады. 1930 жылы әуелі ату жазасына кесіліп, ол үкім 10 жылдық абақтымен ауыстырылды, алайда 1935 жылы 5 қазанда Ақтеңіз – Балтық каналының бойындағы Сосновец бекетінде «Түркістан түркілерінің ең көрнекті, ең сыйлы өкілдерінің бірі саналған» Міржақып Дулатұлы елуге де толмай ауыр науқаннан қайтыс болады.

Кеңес үкіметі Түркістан Мұқтариятын құлатып, ұстап бергенге 1000 сом уәде етілген соң Мұстафа Шоқай түрлі қиындықтармен Францияға жетіп, өмірінің 20 жылдан астамын Парижде өткізді. Өзінің саяси қызметі мен шығармашылық жұмысын осында жалғастыра, күшейте түсті. Әуелгі қарқанда-ақ кешегі Ресейдің уақытша үкіметінің басшылары болған, ендігі эмигранттар А.Ф. Керенский мен П.Н.Миллюковтың «Дни» және «Последние новости» газеттерінде 150-дей мақала жариялады. Бұл материалдарға негіз болған кеңестік Қазақстанның ақпарат құралдарында жарық көрген шынайы шындықтар болатын. Бұл Кеңес көсеміне жетпей қалмады. 1925 жыл 29 мамырында И.В. Сталин «аквாரияшыл баспасөзге мәлім Шоқай» туралы РК(б) П Қырғыз (қазақ) өлкеліккомитетінің Бюро мүшелеріне хат жолдады. Онда: «Біз – өкіметті жастардың саяси және идеологиялық тәрбиесін партияда жоқ буржуазиялық интеллигенттерге табыстау үшін алғанмыз жоқ. Бұл майдан толығымен және еш қалдықсыз коммунистерде қалуы қажет. Олай болмаған жағдайда шоқайшылардың жеңісі Қырғызстанда (Қазақстанда – С.И.) болуы өбден мүмкін. Ал бұл Қырғызстандағы коммунизмнің идеологиялық және саяси күйреуімен теңбе-тең» деп жазылған еді.

Осыдан кейін эмиграциядағы Алаштың ардақтысына сатқын, керітөңкерісшіл, панисламист, пантүркіст т.б. толып жатқан айып тағылды. Бұрын басталған Кеңес үкіметінің Мұстафа Шоқайға қарсы бар саяси һәм идеологиялық әрекеттері күшейтіле түсті. Өзімен шектелмей, оның әулетіне, онымен кездескендерді де, хат алысқандарды «халық жауы» атап көздерін жою жаңа қарқын алды. 1925 және 1927 жылдары Мұстафамен жолыққан халқымыздың аса талантты перзенті Әміре Қашаубаевтың тағдырлары өздеріңізге белгілі.

Мұстафа Шоқай 1917 жылы Ташкентте жүргенде-ақ өз тағдыры белгілі, ауылдағы әулеттің қамын ойлап, өкесінің туған інісі Қалмұхамедтің баласы, еті тірі Мырзекені шақырып алып, «замана ағымы өзгеріп барады, мына аумалы-төкпелі аласапыран заманда бір-біріңнен көз жазып қалмаңдар, саясат сендерге қол емес, одан өздеріңді аулақ ұстандар, мен болсам да қиын жолға о бастан бас тіккен адаммын, сендерге менен қайран жоқ, өз шаруаларыңа ықтият болыңдар» деп кеңес берген екен. Содан Шоқай ұрпақтарының көпшілігі шаруамен айналысып, саясаттан аулақ болыпты.

Кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргінді танауда Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасындағы туыстарынан алған, оның ішінде туған інісі Мұртазадан алған хаттарының орны бөлек. Бұл хаттар, біріншіден, Мұстафа Шоқайдың еліне деген ерекше сағынышын танытады. Осы сағынышын бір сәт басуға аз да болса жәрдем ететін хат-хабар алдырмауға кеңестік қыспақ барын салды. Сонда да туған інісі Мұртазаның бірнеше хатты біздерге де жеткен еді. Ол хаттар мазмұны арада хабарласудың кем болмағанын көрсетеді, бірақ олардың көбісі белгілі себептермен жетпейтін. Мысалы, Мұстафаның інісіне жазған хаттарының біреуі де қолымызда жоқ.

Мұртазаның бізге жеткен 1923-1924 жылдары жазылған төрт хатының мазмұнына екі ағайын арасындағы туыстық сезімді байқаумен бірге ел ішіндегі шаруашылықтың ауыр жағдайын да, Мұстафа Шоқайға байланысты саяси жайлы да анық байқауға болады. 1924 жылғы 16 қаңтарда жазған «Дұғай сәлем Мұстафа ағайға» деп басталатын соңғы хатында Мұртаза ағасының 4 қыркүйек, 3 қазан, 6 желтоқсанда жазғандарын алғанын, соңғысында ағасының «неге хат жазбайсың?» деген сөзінің жанына жаман батқанын айта келіп, өзінің жұмыстағы жағдаймен екі ай қамауда отырып шыққанын, соның себебінен екен етінен өнім ала алмағанын хабарлайды. Осы хатта «Еш туысқаннан жақындык көріп жүрген жоқпын» деген жолдар бар. Бұл кезде Мұстафа ағайындары Кеңестің қырына түгел алынған болатын, сол себепті олар ол өскен шаңырақтан аулақ болуға тырысты. Бұл хаттардың аяғы Мұртаза Шоқайұлының тағдырын де шешті. Ол «халық жауы» аталып, 1937 жылдың 1 қарашасында Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі істер Халық комиссариаты басқармасы «үштігінің» қаулысы бойынша ату жазасына кесіліп, 1938 жылы атылды. Негізгі кінәсі ағасынан хат алып тұрғандығы болды.

Кеңес үкіметі тіпті Нұртазаның баласы Мадиярды да қудалады. Ол Қызылорда қаласының іргесіндегі «Кооператив» елді мекеніндегі қазақ мектебінде орыс тілінен сабақ беретін. «Халық жауының» баласы қалай мұғалім болып істейді деген мазмұндағы хаттар тіпті органдарға қайта-қайта түсе бергеннен соң ол Оңтүстік Қазақстанға көшіп кетуге мәжбүр болды. Онда да қудалау жалғасып, мұғалімдікті қойып, қара жұмыс істейді. Тіпті өзіне-өзі қол салып, асылып өлейін деп жатқанын байқап қалған жолдастары оны ажал құрығынан құтқарып қалады. Сонымен, тағдырдың төтенше соққысына ұшырап, жоғары білімді оқытушы алысқа толар-толмас шағында қайтыс болады.

Осыларды жаза келіп, кешегі кеңестік заманның 30-жылдары елімізде неге саяси қуғын-сүргін болды деген мәселеге қатысты бірер ойды білдіре кетсек дейміз. Бар мәселе мемлекеттің саяси жүйесіне байланысты болды. Тек коммунистік партияның, оның бірінші басшысының үстемдігіне негізделген, табиғатында қайшылықты тоталитарлық жүйе болған социализм қоғамды таптарға ғана бөліп қойған жоқ, оның бірін екіншіге қарсы қойды. Кейде бай етудің орнына байды кедей етіп, кедейлердің байларды жоюын мұрат еткізді. Саясат пен идеологияда «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер», «әлеуметтік қауіпті элементтер» деген атаулар үстемдік құрды. Сонымен қатар халық арасында сирек болса да кездесіп қалатын озықты көре алмаушылық, қызғаныштық

сияқты фактілерді тиісті органдар тиімді пайдаланды. Әйтпесе бір өзі бір мемлекеттің жұмысын атқарған Темірбек Жүргеновті өкесінің бай болғанына байланысты «халық жауы» деп қатардан кетіргенге сену қиын.

Ол кездегі көп оқиғаларды адам ақылына, адамзат қоғамы сипатына сиғызу мүмкін емес. Бір мысал келтірейік. Қызылорда облыстық партия комитеті Саяси ағарту үйінің кешкі марксизм-ленинизм университетінің көп жыл директоры болған Александр Иннокентьевич Коренчко атты ақсақал бірде 1937 жылы «халық жауы» аталып түрмеге қамалғанын айтып еді. Түрме қызметкерлері әртүрлі әрекет жасаса да, ол еш нәрсені мойындамайды. Ең соңында арнаулы камераға әкеліп, қабырғаға тақап қойып, пистолетпен басының төбе жағына атады, көнбейді, басының оң жағына атады, көнбейді, үшінші рет басының сол жағынан атқанда есінен танып, құлап түседі. Үстіне мұздай су құйып, есін жиғызды. Бірақ мойындау жоқ. Сонымен оны бірер күннен кейін шығарады. Ал өзі қайда барарын білмей, сырттағы бір ағашқа сүйеніп ұйықтап кетеді. «Қанша ұйықтағаным есімде жоқ, оянганымда қайдан келгенім, қайда тұрғаным етеп есімде түсе бастады» деді. Ақсақал сонымен бірге лагерде небір азаматтардың қинауға шыдаас бермей, өздерінің Кеңес үкіметіне ойдан шығарған «опасыздықтарынан» түрлі мысал келтіріп, бірақ оларды жаза алмай отырғанын, тергеушілер соларды қазаға түсірсе, тез қол қойып беретінін айтып жалынғандарын, өздеріне көрсетілген азаптан тезірек өмірден озғанын қалағанын айтқан болатын. Бұл – кешегі кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргіннің шындығы.

Біз кешегі тәуелсіздіктің отыз жылында тоталитарлық жүйемен «туыстас» болған авторитарлық басқару тарихымыздың азалы жылдардағы қуғын-сүргіннің ақиқатын ашуға барғызбады. 1993 жылы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылдаумен, 1997 жылдан бастап 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деумен шектелді. Тіпті ол жылдары өткенін кейбір көріністері елес бермей қалмады. Қанды оқиғаларға жол бердік. Еліміздің белгілі азаматтарын түрмеге тықтық, олардың көрнектілерін мезгілсіз о дүниеге аттандырыдық.

Тарихымыздағы аса бір қайғылы жылдарға енді ғана тиісті көңіл бөле бастадық. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 24 қарашасында «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» жарлыққа қол қойды. Жарлықтың екінші тарауында: «Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеті саяси қуғын-сүргін құрбандарын заңдық және саяси тұрғыдан ақтау болып табылады» деп жазылды. Мемлекеттік комиссия құрылып, оның нәтижелері халық назарына ұсынылмақшы. Бұл фактор «Жаңа, әділетті Қазақстан» деген идеяның нақты көрінісі боларына дау жоқ. Ал 1986 жылғы Желтоқсан және Жаңаөзен оқиғаларының тәуелсіздік жылдарындағы заңнан тыс жасалғанын саяси әрекеттердің шындығын алдағы уақытта барынша ашу бұл идеяларды күшейтіп, айқындай түсер еді.

Алаш қозғалысы жетекшілері артына мол мұра қалдырды. Өкініштісі, көңіл бөлмей келдік. Тіпті «атағарым хандар қазаққа қарыз болып кетіп еді, мен солардың қарызын өтеймін» деген және сөзінде тұрған, ұлттымыздың шынайы көсемі Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жыл толуына байланысты ЮНЕСКО арнайы атап өту туралы шешім жасағанда сол кездегі Үкімет басшысы республикалық телеарнадан бізде оны өткізуге қаржы жоқ деп мәлімдеді. Бұдан артық тарихымызды қорлау қоғамымызда бұрын-соңды болған емес.

Сөз соңында өткеніміздің тарихи шындықтарын аша отырып, Алаш жетекшілерінің мол мұрасын игермей, оны бойымызға рухани күш етпей, бүгінгі Тәуелсіздік талаптарын парасаттылықпен пайымдап, жүзеге асырмай, замана ұсынып отырған саяси-әлеуметтік қағидатты мәселелерді өзіміздің тарихи, ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып қабылдамай, толыққанды тәуелсіз ел де, еркін елдің саналы азаматтары да бола алмаймыз десек, артық көрмеңіздер.

Әбдіжәлел БӘКІР,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры,
саяси ғылымдарының докторы,
Мұстафа Шоқай ҒО ғылыми жетекшісі



айтып, түсіндірдім. Сөйтсем, менен кателік кетіпті. Келінді шақырып алып, а к ы р ы н д а п сөйлесуім керек пе еді?... Бірақ көңіліне қарайлап жүрдім. Содан артынша ағайынмыз үйінде құдайы беретін болды. Жаңа түскен келінді де шақырыпты. Алайда сол күні келінім мазасы болмай тұрғанын айтты. Оны үйде қалдырып, ұлым екеуіміз кеттік. Кешкілік үйге келсек, ешкім жоқ. Келін де, оның өзімен бірге әкелген шамалы киімі де жоқ. Ұлыма ренжіткен шығарсың деп сөйлесті алдым. Келін телефонын өшіріп тастаған. Кешірімшілер барған қаладағы үйіне де іздеп бардык. Сенесіз бе, сол кезде алаяққа тап

БИЗНЕСКЕ АЙНАЛҒАН «ЖАЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚТАР»

Елімізде күйеу жігітен әлеуметтік желілер арқылы танысып, шаңыраққа келін болып түсіп, қалыңмал ақшасын алған соң қашып кететін қыз-келіншектердің саны артып барады. Көктем мен жаз, күз мезгілі – той маусымына нағыз қызғатын ұстаға. Мұндай тамаша уақытта бірі қызын шағуға, енді бірі ұлын үйлендіруге асығады. Ұл демекші, статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қазіргі таңда елімізде он босағанда отырған бұрымдыларға қарағанда, отау құрға асықпайтын ер азаматтардың саны артып кетті. Оларда болар, бүгінде орда бұзар жасқа жетсе де шаңырақ көтермеген, «Тақиялы періште» баласына келін іздеген аналар мен қайын інісіне лайықты жар қарастырып жүрген жегендер жетіп артылады. Ал оларды алдап, тұзаққа түсіретін, уақытша келін болып, ақшасын қалтаға басып, кейін тайып тұратындардың қатары тіпті көп.

болғанымызды білдік. Ұй қаланың шеткі жағында орналасқан. Жалдамалы пәтер ретінде берілетін шағын үй болып шықты. Келген қуғыншылар да соның сыбайласы екен. Оны кейіннен сұрастыра келе білдік. Сол күйі із-түссіз жоғалды. Іздестірдік, таппадық.

Әрине, оңай болмады. Ұлыма бұл жағдай қатты баты. Содан бері бірталай жыл өтті. Ұлым екінші рет отау құрды. Шүкір, қазіргі келінім жақсы, қарапайым. Тағы да қаланың қызын алдык. Бірақ бұл жолы зерттеп-зертделдік. Қанша дегенмен аузымыз күйген адамбыз ғой. Аналарға айтармын, алатын жерді жақсылап танып, барып келісім жүргізген дұрыс екен, – дейді Ұлбала апа.

Алғаның адалынан болсын

Қазақ бұл сөзді бекерге айтаған. Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеуші қоғам қайраткері, жазушы Зейнеп Ахметова осы сөзді жиі айтады.

– Соңғы жылдары «жалдамалы қалыңдық» жайлы естіп, жағамды ұстағаным бар. Келін болып түсіп, сол үйдің ақшасын алып кету, қалыңмалын төлетіп алып, қашып кету деген не сұмыдық? Алаяқтықпен тапқан ас адал болмайды. Негізі осының бәрі тәрбиеге байланысты. Әсіресе қыз баласы барлар қыздарына қатаң қарауы қажет. Әрине, еркелетіп те тұрсын. Бірақ тәрбие өз алдына керек.

«Қыз тәрбиелеу – ұлт тәрбиелеу деген сөз. Біздің әр үйде өсіп жатқан қарақоз қыздарымыз – бәрі қазақтың болашақ ұрпағын анасы, ұлттың дәстүрі. Сондықтан қыздарымызды ата-баба дәстүрімен, қырық үйден тыйым салатын салықалы салтымызбен өсіріміз керек. Бұл күндері қарап отырсақ, байлық па, барлық па, мақтаншақтық па, даңғазалық па, қалай деріміз білмейміз, тіптідей бір-екі жасар қыздың құлағын тесіп, алтын, тіпті гауһар тасты қымбат сағар салғанды көріп жүрміз. Осының қажеті қанша? Қазақ қыздың құлағын жеті жасында тескен. Өйткені жетіге дейін ол қуыршақ ойнап, тұлымшағы жейберіп, асыр салып, балалық дәуренді мейлінше бақытты өткізуге тиіс. Сыра тағу қыздың бойжеткенін, балалық шағынан алыстай бастағанын білдіреді. Қазір осы дәстүрді ойсыз жасап жүрміз.

Қыз тәрбиесін назардан шығарып алғанымыз жасырын емес. Бұған қыздарымыздың қалай болса солай, ашық-ашық киініп, қіндігін көрсетіп жүргені дәлел. Жас қыздардың көпше ашықтан-ашық темекі шегіп, сыра ішіп жүргенін көріп жүрсек те, мән бермеуге айналдық. Олардың ертеңгі ана екенін естен шығарып жүрміз. Ал біздің ата-бабамыз балалық дәурені өткізген қызға дұрыс тәрбие беруді қолға алған. Бес – қонақ деген. Сондықтан да күні ертен келін болып түскен жерінде ата-анасына, ауылына сөз келтірмеуін алдын ала ойлаған. Ескі қоғам – ескіліктің қалдығы емес, мәдениеттің озық заманы болған. Өткен, қазір соның бәрін айырылып барамыз. Негізі қанақ «алғаның адалынан болсын» деп бекерге айтаған. Мұның астарында үлкен мағына жатыр, – деген ойын ортаға салды Зейнеп Ахметова.

Зангер не дейді?

«Жалдамалы қалыңдықтардың» тірлігі алаяқтықпен айналысатын айлакерлердің тағы бір әдісі. Негізі алаяқтықтың түрі көп.

Бұл туралы «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиал басшысы, зангер Ләззат Бактыбаева жеткізді.

– Алаяқтықпен түскен келін үйге келіп, қандай да бір затты рұқсатсыз алып кеткен болса, құзырлы мекемеге хабарлауы керек. Одан бөлек, қалыңмал деген де материалдық шығын болып саналады. Азаматтық тәртіпте сотқа беріп, өндіріп алу тетігі бар. Алаяқтық мәселесін көтерген соң оның таралу жолына, қалай сақтану керектігін де айтып өтейін. Сонымен қатар қазіргі таңда алаяқтықтың ең көп тараған түрі – интернет арқылы алаяқтық. Яғни шетелдік нөмірлерден хабарласып, қысқа смс хабарламасын жолдау арқылы аттарынан несиені рәсімдеу мәселелері жиіленіп кетті.

Соның ішінде алаяқтықтың «вишинг» деген түрі бар. Ол ұялы телефон арқылы жүзеге асады. Олар түрлі нөмірді жасақтау арқылы нөмір иесіне қоңырау шалып, есепшотқа қандай да бір қауіпті әрекеттің жүргізіліп жатқаны туралы және ол адамның жеке дерегін сұрау арқылы іске асырылады. Жеке деректерге банк картасының үш санды кодын алу арқылы шоттағы несиені өздерінің есепшоттарына аударып алу әрекеттері жасалынады. Екінші түрі «фишинг» деп аталады. Яғни электронды пошталарға түрлі хаттардың келуі. Қазіргі күні ол тек пошта арқылы да емес, мессенджерлер арқылы да келіп жатыр. Анығын айтқанда, қысқаша сілтеме жібереді. Егер адам ол сілтемені басқан сәтте автоматты түрде қашықтықтан басқару арқылы телефондағы жүктелген банк қосымшалары бойынша несиені рәсімдеп, ол несиені өздеріне түсіру жұмыстарын жүзеге асырады. Тағы бір түрі жасанды интеллект арқылы қолданылады. Айта кетсек, азаматтардың дауысын айнапай қайталап, банктерден несиені алады. Сондықтан әр адам танымайтын нөмірге және шетелдік нөмірлерге видео арқылы жауап беруге болмайды.

– Маман ретінде сақтық шараларын айтып өтсеңіз?

– Еш уақытта, ешкімге оның ішінде өзін «банк қызметкерімін» деп таныстырған азаматтарға банктік қарталардың қолдарын, сандарын, жарамдылық мерзімін айтпауы керек. Банк қызметкерлері өздерінің бағдарламалары арқылы да ол мәліметтерді көре алады. Сондықтан егер осындай азаматтар қоңырау шалса, ешқандай ақпарат бермеуі қажет. Оған қоса телефонға келіп тұрған смс қолдарды да айтуға болмайды. Біреудің айтуы бойынша өздерінің мобильді банкінгтердің нөмірін ауыстыруға да болмайды. Жалпы ер адам өзіне тиісті жеке мәліметті құпия ұстағаны жөн, – деп жауап берді зангер маманы.

Психолог пікірі

Психологтардың пайымынша, алаяқтар құрған тұзаққа үйленбей жүрген, мінезі уаң, тұрмысы әлжуаз отбасының ер азаматтары түседі екен.

– Махаббатпен, сүйіспеншілікпен құралмаған отбасы кейін тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, қандай да бір келенсіздіктерге тап болып жатады. Мұндай жағдайлар – әлеуметтік желі арқылы бізге келіп жатқан алаяқтықтың алғышарты. Жасанды некенің қандашаң жұмыры қысқа. Маман ретінде айтармыз, шешім қабылдау кезде әбден сүзгіден өткізіп, жақынныңызбен ақылдасып барып қабылдаған дұрыс шығар. Албырттыққа салынып, келте шешім қабылданып жатса, арты осындай өмірлік дақ қалдыратындай мәселе тудырып кетуі мүмкін. Өркінің өзіне барынша сенімді болуына шақырамыз. «Өмірде жар таңдау мен мамандық таңдаудан қателеспеу керек» дейді. Сүйіктіңізді таңдарда ағаттық жөберіп алмаңыздар. Теліктіңіз тараған нағыз қазақтың ұрпағы ешқандай жаман болған жоқ. Мүмкіндігінше, келін аларды салт-дәстүрмен құла түскен абзал, – дейді психолог Гүлбаршын Ниязова.

Тілші түйін

Мақаланы дайындау барысында алаяқтық жолмен табыс тауып жүрген келіндер жайлы облыстық прокуратурадан ақпарат сұратқан едік. «Мұндай жағдай қобіне оңтүстік облыстардан жиі кездеседі. Біздің облысқа әзір ондай дерек тіркелген жоқ» деп жауап берді баспасөз хатшысы. Расымен, соңғы уақытта дәл осындай оқиға Түркістан жақтан шыққаны белгілі. Әлеуметтік желіні шұлақтан бес рет бети ашылған келінді естіген боларсыз, сол келін Жанақорған ауданында да келін болып түскен екен. Алайда олар біз жақтың емес, Алматының құзырлы органдарына өтініш жазып, із елі тергеу үстінде.

Сайып келгенде отбасын құру оңай емес. Атүсті шешім қабылдай салуға болмас. Себебі алғаның адалынан болмай, алаяққа айналса, одан түскен дақ өмір бойына кетпес. Жалпы дәл қазіргі қоғамда алаяқтықпен айналысатын «жалдамалы қалыңдықтар» жиіленіп кетті. Сондықтан қазақтың әр сұрбойдағы үйленерде абай болғаны абзал.

Ақтоқын НҰРЛЫБАЙ
Сурет ашық дереккөздерден алынды

БАЛАНЫ КІМ ОҚЫТЫП ЖАТЫР?



болса, екіншісіне үш сағаттың өзі аз болуы мүмкін. Арнайы білім бағдарламасының жьыдық жоспарында көрсетілген бір сағат өтуі керек тақырыпты мұғалім үш сағатқа бөліп өтпейді. Физикалық тұрғыда мүмкін емес. Жеке орталықтарға мұндай мүмкіндік бар. Бала аз, ал уақыт көп. Баланың дағдысына қарай түрлі тәсілдермен оқытып береді. Басты себеп осында жатыр. Бір тақырыптан қалса, екінші, одан әрі үшінші тақырыпты түсінуі қиын. Материалды ішкіліктерге айналдырғаның өз әбестігі жоқ. Қаражат, ол – қажеттілік. Тек осы минимуммен шектелген мұғалімдердің миссиясы бөлек деп түсіну керек.

Қажетті Сақтағанова:

– Он жылда қонбаған білімді бір жылда миза қондырып, Ұлттық біріншілік тәсілден жосары балл жинауға дегеніңіз ақылға қонбайды. Білімнің іретасын нықтап қалап, он жылдан кейінгі сынаққа ау бастан дайындалу керек. Неге ертерек сол білім ошақтарында орталықтағыдай жетпей жасамасақ?! Біле білсек, бабаларымыз бесік аларда саудаласпатын болған. Ал қазіргі қоғамда баланың бесігі мен білімі қатарласа шапқан бәйсе аттары тәрізді саудаға түсуде.

Әлбетте, тақырыпты қозғап, төрелігін айтатын біз емес. Біздің мойнымыздағы жүк – талқы таразысына салу. Мәселені жеткізу, Түйінін оқырман енішіне қалдырамыз. Десе де баланың білімі мен тәрбиесіне бей-жай қарауа болмайды. Өйткені мына елдің болашағы осы ұғымға байланысты.

Барлық мысал өмірден алынады. Мектепте жиырма жылдан астам уақыт бойы ұстаздық етіп жүрген ағам бар. Өткен жылы өзі жетекшілік ететін сыныпты біртүрті. Балалардың дені мемлекеттік оқу грантын жеңіп алды. Олардың бірде-бірі ақыл орталықтарында да осы мұғалімдер. Тіпті көпшілік жас мамандар деуге болады. Яғни ол жақтағылар да құлама емес. Көп жерден ешқандай конкурстан өтпеген, білім санаты жоғары емес мамандарды кезіктіріп жатырмын. Біздің мектептегі мұғалімдер де, басшылар да «Сол үшін айлық алып отырмыз. Балаларға қосымша берілген факультатив те бар. Сондықтан сіздерге ең алдымен мектептегі ұстаздарды бағалауларыңызды сұраймыз» деп айтады. Әрине, мен бұл оймен келісемін. Баламызды өзі оқытын білім ошағында дайындап жатырмыз. Өзіміз де қадағалаймыз, қосымша бағыт береміз. Қазір мемлекет білім аламын деген жасқа барлық мүмкіндікті жасаған. Сол мүмкіндікті тиімді пайдалану керек, – дейді ата-ана.

Әрине, бұл тақырыпта сан алуан пікір бар. Елге берілгені ақыл, мұғалім, білікті ұстаз Ерженіс Әбді бұл тұрғыда өзінің тәжірибесінен алған пікірін айтады.

– Балаң кай мектепте оқыды, соған да байланысты. Отыз оқушы отыратын сыныптан үлгерсе алмайтын оқушы үшін орталықтарда жеке жұмыс істеуге мүмкіндік артығырақ болады. Егер ата-ана үйден балаға көп көңіл бөліп, үй жұмысына ұдайы өзі көмектесіп отырса, ондай бала орталыққа мұқтаж емес, – деді ол.


Әрине, бұл ретте тағы бір мәселенің ұшы шығады. Мектеп бағдарламасындағы кей есептер мен жаттығуларды бала тұрмақ, ата-ананың өзі шеше алмай басын тауға да, тасқа да ұрған сәттер жетіп артылады. Бұл – бүгінгі бала мен ата-ананың қабілетсіздігінен емес, тапсырмалардың бала деңгейімен санаспай берілетіндігінен. Бұл үшін, әрине, ұстазды кінәлаудан аулақпыз. Мектеп оқулықтарына бағытталған сын садағы қазір дәстүрге айналған. Тіпті кейбірінде қисынға келмейтін дүниелер жүреді. Мұның әрбірі қатаң қадағалаудың жетіспеушілігінен шығар. Қош, бірді айтып екіге кетпейік, сауалнамаға жауап берген көпшіліктің пікірі балаға салынған инвестицияның болашаққа салынған инвестиция деген пікірде топтасып жатады.

Аида Мусаева:

– Мәселен, отыз оқушының білімді ігеруінің жьыдамағы әртүрлі. Біреуіне бір сағат жеткілікті

Басы 1-бетте

Дәулет ҚЫРДАН

<p>Меншік иесі:</p>  <p>жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>	<p>Бас директор Марат АРАЛБАЕВ</p> <p>Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы</p> <p>Бас редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА</p>	<p>Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009) Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)</p> <p>Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН</p> <p>Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4, Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.</p>	<p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.</p> <p>«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.</p> <p>Атқарушы 2 рет, сөйсенбі, сенбі күндері шығады.</p> <p>Жарияланған материалдардың пікірлер редакция қызқармасын сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігін ескертеді.</p> <p>Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</p>	<p>Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68</p> <p>Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.</p> <p>Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.</p> <p>Таралымы 2902 Тапсырыс №822</p> <p>Нөмірдің кезекші редакторы Ақтоқын НҰРЛЫБАЙ</p>
---	---	--	---	---